

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 тамыздағы N 1272 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 11 сәуір N 556. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.06.28. N 545 (2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасындағы Мал дәрігерлік қызметті лицензиялау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 тамыздағы N 1272 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1997 ж., N 38, 365-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы Мал дәрігерлік қызметті лицензиялау туралы ережеге:

3-тармақтағы "немесе патентінің" деген сөздер алынып тасталсын;

7-тармақтағы "Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлігі комитеті" деген сөздер "уәкілетті мемлекеттік орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтың төртінші, бесінші және алтыншы абзацтары алынып тасталсын;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Кәсіпкерліктің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін алымның мөлшері, оны төлеу тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңдарымен белгіленеді."

18-тармақтың екінші абзацы алынып тасталсын;

20-тармақта "лицензиар" деген сөз алынып тасталсын;

23 - тармақта :

екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Лицензия жоғалған жағдайда лицензиаттың төлнұсқа алуға құқығы бар. Лицензиар лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша 10 күн ішінде лицензияның төлнұсқасын береді";

үшінші абзац алынып тасталсын;

"III бөлім. Мал дәрігерлік қызметке лицензия алу үшін тұлғаларға қойылатын талаптар" атауындағы "талаптар" деген сөз "біліктілік талаптары" деген сөздермен ауыстырылсын;

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Мал дәрігерлігі жөніндегі жұмыстарды орындауға және қызметтерді жүзеге асыруға мынадай заңды және жеке тұлғалардың құқығы бар:

Заңды тұлғаларға арналған біліктілік талаптарына мыналар енеді:
мал дәрігерлік қызметке лицензия алуға үміткер заңды тұлға басшысының
арнаулы мал дәрігерлік білімі және мамандығы бойынша кемінде 3 жыл еңбек
с т а ж ы б о л у ы ;

мал дәрігерлік қызметті жүзеге асыратын қызметкерлерде арнаулы мал
дәрігерлік білімі болуы ;

қызметкерлердің денсаулығының жай-күйі туралы анықтама (құжаты) болуы;

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау және өртке қарсы күрес
органдарының қорытындысы болуы;

СНТЖ 8-81 талаптарына және СН-245-71 санитарлық нормаларына сай
өндірістік үй-жайы және тиісті бейіндегі технологиялық жабдықтың толық
ж и ы н т ы ғ ы б о л у ы т и і с .

Жеке тұлғаларға арналған біліктілік талаптарына мыналар енеді:
арнаулы мал дәрігерлік білімі және мамандығы бойынша:
жоғары білімі бар адамдарда - кемінде бір жыл еңбек стажы, арнаулы орта
мал дәрігерлік білімі бар адамдарда - кемінде екі жыл еңбек стажы болуы;
қатты әсер ететін препараттарды сақтауға арналған күзетілетін үй-жайы (сейфі), сондай-ақ лабораториялық жабдығы мен құралдары (лицензияланатын
мал дәрігерлік қызметтің тиісті түрі жүзеге асырылатын жағдайда) болуы;
денсаулығының жай-күйі туралы анықтама (құжат) болуы;
санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау және өртке қарсы күрес
органдарының қорытындысы болуы тиіс.

25 - тармақ алынып тасталсын .

26-тармақтағы "Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлік комитеті
" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға
жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі